

3 Лекция.

НОТАРИУСТЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАУ. НОТАРИУСТЫҢ КӨМЕКШІЛЕРІ МЕН ТАҒЫЛЫМДАМАН ӨТУШІЛЕРІ.

- 1. Нотариустың қызметін бақылау тәртібі.**
- 2. Жекеше нотариустардың азаматтық құқықтық жауапкершілігін сақтандыру.**
- 3. Нотариустың көмекшілері мен тағылымдамадан өтушілері.**

1. Нотариустың қызметін бақылау тәртібі.

○ Нотариус қызметін бақылау:

1. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы»,
2. «Жекеше практикамен айналысатын нотариустардың жасайтын нотариалдық іс-әрекеттердің заңдылығын және іс жүргізу ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асыру Ережесімен» жүзеге асырылады.

Нотариустың қызметін және аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (селолардың), ауылдық (селолық) округтердің әкімдері аппараттарының лауазымды адамдарының іс жүргізу ережелерін сақтауын бақылау:

Жеке практикамен айналысатын нотариустың жасаған нотариалдық іс-әрекеттерінің заңдылығын және іс жүргізу ережелерін сақтауын бақылау:

аумақтық әділет органы

*аумақтық әділет органы
мен нотариат палатасы*

Бақылаудың мақсаты: нотариалдық қызмет көрсету саласында заңдылықты және оған халықтың қол жеткізуін қамтамасыз ету және нотариустардың нотариалдық практикасының қолданыстағы заңнаманың және халықаралық құқықтың нормалары мен талаптарына сәйкес келуін зерделеу болып табылады.

Бақылаудың міндеттері:

- ◎ **нотариалдық іс-әрекеттер жасауға жүгінген адамдардың мүліктік және мүліктік емес құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету;**
- ◎ **нотариустардың құқық қолдану практикасының бірізділігін қамтамасыз ету;**
- ◎ **нотариалдық қызмет көрсету саласында құқық бұзушылықтардың алдын алу және ескерту болып табылады.**
- ◎ **нотариустардың кәсіби қызметін тексеру:**
- ◎ **нотариалдық іс-әрекеттерді жасау кезінде нотариус тексеретін заңдылықты, сондай-ақ кәсіби этика ережелерін сақтаудың жай-күйін зерделеу және тексеруді;**
- ◎ **нотариустың статистикалық есептілік пен нотариалдық істерді есепке алуды жасауының дұрыстығы мен растығын зерделеуді;**
- ◎ **нотариус қызметінің аумағында нотариалдық қызмет көрсетудің деңгейі мен мәдениетін тексеруді;**
- ◎ **жасалатын нотариалдық іс-әрекеттердің динамикасын, құрылымы мен сипатын талдауды;**
- ◎ **нотариустың нотариалдық іс жүргізуге, соның ішінде іс қағаздарын жүргізу тіліне қойылатын талаптарды сақтауды;**
- ◎ **нотариалдық мұрағаттың жай-күйін зерделеуді;**
- ◎ **нотариустың Ар-ождан кодексін сақтауы және нотариалдық палата жарғысының талаптарын орындауды қамтиды.**

Нотариустардың кәсіби қызметін тексерулердің түрлері:

- 1) әділет департаменті мен нотариалдық палатаның алғашқы тексерістері;**
- 2) әділет департаменті мен нотариалдық палатаның мерзімді тексерістері;**
- 3) шұғыл тексерістер.**

Алғашқы және мерзімді тексерістер аумақтық әділет департаментінің нотариалдық палатамен келісімі бойынша жасалатын бірыңғай тексерістер кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Бірыңғай тексерістер кестесі:

- 1) тексерістердің мерзімдері мен кәсіби қызметі басталған күннен бастап 6 ай өтсе де, алайда кемінде бір жыл жұмыс істейтін (алғашқы тексерістер) нотариустар тобын;**
- 2) тексерістердің мерзімдері мен кәсіби қызметін соңғы тексеріс бір жыл бұрын жүргізілген (мерзімді тексерістер) нотариустар тобын анықтайтын тарауларды қамтуы тиіс.**

**Шұғыл тексерістер жүргізу үшін
нотариалдық іс-әрекеттер жасау үшін
нотариусқа жүгінген адамдардың
шағымдары мен өтініштері, құқық қорғау
органдарының ұсынымдары, соттардың
жекеше қаулылары, лицензиардың
тапсырмалары және басқалары негіз бола
алады. Шұғыл тексеріс заңсыз (дұрыс
емес) екені құқық қорғау органдары мен
соттардың шағымында, өтінішінде немесе
іс жүргізу құжаттарында көрсетілген іс-
әрекетті ғана қамтиды. Шұғыл тексеріс
нотариусқа оны жүргізу туралы алдын ала
хабарланбастан жүргізіледі.**

Тексеріс нәтижелерін талқылау нәтижелері бойынша нотариуска қатысты мынадай шешімдер қабылданады:

- ◎ нотариустардың арасында оны одан әрі тарату мақсатында нотариустың оң тәжірибесін қорыту туралы;**
- ◎ нотариусты көтермелеу туралы;**
- ◎ Ар-ождан кодексіне сәйкес нотариусты тәртіптік жазаға тарту туралы;**
- ◎ нотариустың заң бұзушылықтарды анықтаған жағдайларда материалдарды құқық қорғау органдарына беру туралы;**
- ◎ нотариустың лицензиясын айыру, күшін тоқтата тұру немесе жою туралы лицензиарға ұсынымдар жіберу туралы.**

2. Жекеше нотариустың азаматтық құқықтық жауапкершілігін сақтандыру

Мемлекеттік нотариустар қызмет бабында клиенттеріне келтірген мүліктік немесе жеке мүліктік емес зиян үшін мүліктік жауапкершілікті тиісті әділет департаменті мемлекеттік қазына есебінен көтереді. Ал жекеше нотариустар нотариалдық қызмет көрсету кезінде келтірілген зиянның орнын өздерінің мүліктік жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру арқылы жүзеге асырады.

Жекеше нотариустың қызметін сақтандырудың жалпы ережесі Нотариат туралы Заңның 16-бабында бекітілген. Жекеше нотариус нотариалдық әрекеттер жасау нәтижесінде зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын жасасуға міндетті және оның мұндай шарт болмағанда нотариалдық іс-әрекеттер жасауға кірісуге құқығы жоқ.

«Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 11 маусымда қабылданған Қазақстан Республикасының Заңымен реттелінеді.

Жекеше нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтанушының нотариалдық іс-әрекеттерді жасауы кезінде үшінші тұлғаларға келтірілген зиянның салдарынан туындаған міндеттемелер бойынша **моральдық шығынды, алынбаған пайданы өтеуді және тұрақсыздық төлемін төлеуді қоспағанда,** сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді. Жекеше нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты міндетті сақтандырудың осы түрі бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына арналған **лицензиясы бар сақтандырушымен** ғана жасалуы мүмкін. Аталған сақтандырушы үшін шартты жасасу міндетті болып табылады.

Жекеше нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты күшіне енгізілген күннен бастап **он екі ай** мерзімге жасалады. Сақтандыру сомасының мөлшері шарттың талаптарымен белгіленеді және қызметін республикалық маңызы бар қала, Астана аумағында жүзеге асыратын нотариустар үшін тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда жекеше нотариустардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу күнгі белгіленген - **1000**, өзге нотариустар үшін - **500 еселенген** АЕК кем болмауға тиіс.

3. Нотариустың көмекшілері мен тағылымдамадан өтушілері

**Қазақстан Республикасы
«Нотариат туралы» Заңының 7-
бабы бойынша нотариустың
көмекшілері мен
тағылымдамадан өтушілері
болуы мүмкін.**

○ **Нотариустың көмекшісі ретінде:**

□ **ҚР азаматы ғана бола алады;**

□ **жеке практикамен айналысатын нотариуста еңбек шартының негізінде жұмыс істей алады немесе мемлекеттік нотариат кеңсесінің құрамында бола алады;**

□ **Көмекшінің білімі, жасы жағынан заңнамада арнайы талаптар қойылмаған. (РФ-да нотариустың көмекшілерін міндетті түрде жоғары құқықтық білімі және арнайы лицензиясы болу қажет).**

○ **Нотариалдық қызметпен айналысу құқығына үміткер адам нотариуста тағылымдамадан өту қажет. Нотариустың тағылымдамадан өтушілері ретінде:**

□ **жоғары заң білімі бар;**

□ **ҚР азаматтары бола алады.**

□ **Тағылымдамадан өтушілер тағылымдамадан өту туралы шарт негізінде жеке практикамен айналысатын нотариустарда немесе мемлекеттік нотариустарда тағылымдамадан өтеді.**

Тағылымдамадан өту Республикалық
нотариалдық палатамен келісім бойынша
Қазақстан Республикасы Әділет министрінің
бұйрығымен бекітілетін тағылымдамадан
өтушілерді кәсіптік даярлаудың бірыңғай
бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

Заңгер мамандығы бойынша кемінде 5 жыл өтілі
бар адамдар үшін аумақтық әділет органы мен
нотариалдық палатаның бірлескен шешімімен
тағылымдаманың мерзімі қысқартылуы мүмкін.
Тағылымдаманың ұзақтығы 3 айдан кем болмауы
керек.

Бір нотариустан бір мезгілде 2-ден аспайтын
тағылымдамадан өтуші тағылымдамадан өте
алады.

Тағылымдамадан өту аяқталған соң тағылымдамадан өтуші қорытынды есеп дайындайды, есепте келесілер көрсетілуі тиіс: тағылымдамадан өту орны, мерзімі мен тәртібі туралы жалпы мәліметтер; тағылымдамадан өту жоспары бойынша орындалған жұмыстардың сипаты; практикалық жеке жұмысынан алынған дағдылар.

Тағылымдамадан өту туралы сұхбаттасудың нәтижелері мен материалдарды қарау бойынша әділет департаменті мен нотариалдық палата өтілген тағылымдамаға оң баға берілген жағдайда қорытынды шығарады. Көрсетілген қорытынды бекітілген жағдайда тағылымдамадан өтуші тағылымдаманы өткен болып есептеледі.

Тағылымдамадан өтпеген адам қайта тағылымдамадан өтуге жалпы негіздер бойынша жіберіледі.

**Назарларыңызға
рахмет!**